

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

«Ұлпан» повесіндегі дүниенің тілдік бейнесін айғақтаушы лингвомәдени бірліктерді тіл, мәдениетпен өркениетуәждерінің өзара байланысы тұрғысында сипаттауға талпыныс жасадық.

В.В. Воробьевтың пікірі бойынша, «дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттеуге» лингвомәдениеттану пәнінің қосатын үлесі мол. Оның ойынша, «лингвомәдениеттану – мәдени құндылықтардың белгілі бір тәртіппен тандалған және ұйымдасқан жиынтығын, сөйлеуді тудыру мен қабылдаудың коммуникативтік үрдістерін, ұлттық ақыл-ой мен тілдік дербестік тәжірибесін зерттеп, дүниенің тілдік бейнесін жүйелі түрде суреттейтін жаңа филологиялық пән» [7,54].

М.Мағауин шығармалары дүниесінің тілдік бейнесін беруде тілдік тәсілдерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар.Өнер, оның ішінде көркем әдебиет сыртқы дүние бейнесін емес, субъективтік дүниелердің бейнесін қолданылған әдеби тәсілдер арқылы ажыратылатын автордың ішкі рухани бейнесін жасайды.Лингвомәдени бірліктер арқылы жазушы ұлттық мінез, бейне сомдайды, ұлттық нақыштың бояуын әрлендіреді, сол арқылы ұлт дүниесінің тілдік бейнесін жасайды. Сондықтан да көркем шығарма лингвомәдениеттанымдық зерттеудің нысанасы бола алады.

Лингвомәдениеттану – тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтардың қолданылатын жүйесін зерттейді. Лингвомәдени бірліктердің маңыздылығы оның тілдік және тілден тыс шындықты бейнелеуінде. Олар ұлт тіліндегі ақиқат шындықтың әрқалай бейнеленуінің себебін түсіндіреді. Ал оның негізгі себебі белгілі бір заттың не құбылыстың бір ұлттан гөрі екінші ұлтқа көбірек не өзгеше әсер ететіндігінен болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.А. Карпенко «Понятия «лингвокультурология», «лингвострановедение», «лингвокраеведение и их отношение» / Киев, 1997
2. Ж. Манкеева «Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы» / А., 1997
3. Қ. Ғабитханұлы «Наным-сенімдерге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер» / А., 1995
4. К. Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» / А., 1998
5. С. Жанпейісова «Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы» /А., 1996
6. А.К. Сейылхан «Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні» /А., 2001
7. В.В. Воробьев «О русской национальной личности в языке и культуре» / Киев, 1998

ӘОК81.42 (075.8)

КӨРКЕМ ПРОЗА ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Ғабдрахман К., 1 курс, 7М02301 – қазақ филологиясы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Досова А.Т., филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Мақалада көркем шығармадағы фразеологизмдердің құрылымдық сипаты анықталған. Қазақ ғалымдары Б Шалабай, І.Кеңесбаев, Г.Смағұловалардың мәтінді стилистикалық талдау, мәтіндегі фразеологизмдердің қызметі туралы еңбектері сараланған. Көркем шығармадағы фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері айқындалған.

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

Ғалым Б.Шалабай мәтінді стилистикалық талдау туралы: «Тексті стилистикалық талдау – мазмұнының формалану сипатын ашу, яғни текстің құрылымын ашу деген сөз. Ондай стилистикалық талдаудың әдістемесі де соған сай болуға тиіс: талдау жекелеген тілдік тұлғаларды табу, анықтау тұрғысынан емес, ол олардың байланыстарын, қарым-қатынастарын ашу тұрғысынан жүргізіледі. Өйткені көркем текст – тілдің бейнелі көркем тұлғаларының жәй қосындысы емес. Көркем тілдік тұлғалар өздігінен жеке тұрып мәнділікке ие болмайды, ал олардың ұйымдасу тәсілдері, бір-бірімен байланыс-қатынасы мәнді», – дейді [1, 7].

Фразеологизмдер сөздердің тіркесіп, мағыналық әрі құрылымдық жағынан тұрақтануы негізінде қалыптасды. Фразеологизмдердің мұндай қалыптасу үрдісі – фразеологизмдену деп аталады. Фразеологизмдену – сөз тіркесінің немесе сөйлемнің теңеу, метафора, метонимия, гипербола, эвфемизм арқылы мағыналық ауысуы негізінде болатын құбылыс. Фразеологизмденуден өткен сөз тіркестері мен сөйлемдер және оның құрамындағы сөздер өздерінің бастапқы семантикалық қасиеттерінен айырылады да, десемантизация процесіне ұшырайды. Фразеологизмдену кезінде жеке компоненттер емес, сөз тіркесі мен сөйлемдер мағыналарын бүтіндей өзгертеді. Бұл дегеніміз фразеологиялық мағына ауыспалы синтездену арқылы да емес, жеке сөздердің ерекшеліктері арқылы да емес, семантикалық өзгеріске түсу арқылы жасалатынын көрсетеді. І.Кеңесбаев қазақ тілі фразеологизмдерінің компоненттерінің байланысу түрлері туралы айта келіп: «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер өзінің құрамы жағынан қаншалықты әр алуан болып келсе, компоненттерінің байланыс сипаты жағынан да соншалықты әр тарап болып келеді. Фразеологизмнің қандайы болсын, қазіргі күйінде грамматикалық жағынан да, лексикалық жағынан да бір тұтас қолданылады. Оларды синтаксистік, семантикалық ерекшеліктеріне, жеке сөз табы, сөздердің мағыналық жігі жағынан тек соларға ұқсас белгілер тұрғысынан ғана қарауға болады. Өйткені фразеологизмдер жеке тұрғанда сөйлем сипатында болып (сол себепті сөйлем мүшелері де болып) келеді, контекст аясында бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады», [2, 617] – дейді.

Сондай-ақ, ғалым қазақ тіліндегі параллельді фразеологизмдерге де, олардың жасалу, қалыптасу жолдарына да назар аудартады. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді компоненттік (құрылымдық) ерекшеліктеріне байланысты шартты түрде бірнеше топқа жіктеп алуға болады. Қазақ тілі фразеологизмдері екі компоненттен басталып, бірте-бірте көбейе береді. Мысалы, екі компонентті фразеологизмдер: Кенет жақында Шәуешектегі орыс факториясынан сатып алған еуропа үлгісіндегі жаңа костюмға көзі түсіп, соны киіп көруге аңсары ауды [3,112].

Берілген мысалдағы фразеологизмдер компоненттерінің бір-бірімен үндесуі әр түрлі екенін байқауға болады. Көзі түсу – фразеологизмі соматикалық атау негізінде туып, ауыспалы мағынада қалыптасқан. Көзі түсу тұрақты тіркесі зат есім + етістік формасында келіп, жалпы лексикалық мағынасы етістік сөзінің орнына жүреді. Біз алған мысалда көзі түсу фразеологизмінің контекстік мағынасы назар аудару, мән беру, қарау дегенді білдіреді. Аңсары ауды тұрақты тіркесі дерексіз ұғымнан деректілік сипатқа ауысып барып қалыптасқан фразеологизм. Аңсары ауды фразеологизмі контексте көзі түсті фразеологизмін дамытып тұр. Бұл да зат есім + етістік түрінде келген. Екі фразеологизмнің де зат есім компоненті табыс септігінің жалғауы арқылы байланысып тұр. Семантикалық жағынан алғанда ең алдымен адамның не нәрсеге болса да көзі түсетіні, содан кейін барып көруге аңсары ауатыны белгілі. Фразеологизмдердің осындай экспрессивтілік қасиетін автор ұтымды қолданған. Шақан әуелде өкпе айтпады, кейін ризашылық танытпады [3,116].

Өкпе айту фразеологизмінің негізгі мағынасы біреуге реніш білдіру. Ал, ризашылық таныту риза болу, алғыс айту, қостау мағынасын білдіреді. Сөйлемдегі екі фразеологизмнің экспрессивтілік сипатының артуы өздерінің негізгі мағыналарына қарама-қарсы антонимдік

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

мағынада қолданылуында. Екі фразеологизмнің де экспрессивтілік мағынасы -па, -пе, -ба, -бе болымсыз етістігінің жұрнағы негізінде туған. Жазушының сөз ойнату шеберлігіне сәйкес екі фразеологизм де кейіпкер жан дүниесін беруде ұтымды қолданылған. Фразеологизмдерді жіктеуде тілде грамматикалық категорияларға мән беріледі. Тіркескен сөздердің грамматикалық категориялардың біріне жатуына байланысты етістікті тіркестер, есімді деп жіктеу де осыған байланысты орын алған.

Фразеологизмдердің компоненттері семантикалық мағыналарынан ажырағандықтан деактуализация негізінде лексикалық мағынасы да тұрақсызданады. Компоненттердің семантикалық және грамматикалық деактуализациясы негізінде фразеологизмге кірген сөздер өздерінің бастапқы мағыналарының орнына басқа, тың мағынаға ие болады. Мысалы, көзді жұмып жіберді / көзді тарс жұмды фразеологизмдері алды артына қарамай, нар тәуекел етті деген мағынаға ауысқан. Оның құрамындағы сөздер бұрынғы мағыналарын фразеологизм құрамында тұрып бере алмайды. Немесе, басын қырау шалды дегендегі қырау шалды тіркесі шашы ағарды, қартая бастады деген ұғымды білдіреді. Бұл жерде де тіркес мағынасы қырау түсінің ақ болуына байланысты меңзеу ұғымымен ұштасады. Келтірілген мысалдардағы фразеологизмдер компоненттері деактуализация негізінде өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарынан айырылған.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің семантикалық жағынан зерттеген ғылыми еңбектер бүгінгі таңда аз деуге болмайды. Алайда грамматикалық ерекшеліктерін көркем проза тіліне байланысты зерттеу әлі де болса жеткіліксіз. Фразеологизмдерді сөз таптарына байланысты жіктеу шартты түрде алынған деуге болады. Себебі, фразеологизмдер жеке сөзге эквивалент болғанымен, сөздің тура атауы бола алмайды. Сол сөздің жанама атауы, мағыналық атауы қызметінде келеді. Фразеологизмдердің лексикалық мағыналары олардың белгілі бір сөз табына қатыстылығы жағынан айқындалады.

Фразеологизмдердің негізгі белгілері жеке сөздердің мағынасында емес, олардың тіркесіп келіп беретін тұтас мағынасында, яғни сөздер тұтаса келіп, бір-біріне бағынышты тәуелді болады және де бір сөздің орнына жүреді. Мысалы, мойны жар бермеді фразеологизмі жалқаулығы ұстады, ерінді, кежегесі кейін тартты жұмысқа беттемеді деген мағынаны білдіріп, баяндауыш қызметін атқарады. Сондай-ақ, жылқы мінезді фразеологизмі 1. Шыдамды, төзімді, 2. менсінбей кету, жылқы тәрізді оқырып кету мағыналарын білдіреді. Сын есім болып келіп, анықтауыштық қызметте жұмсалады.

Алайда, фразеологизмдердің сөз табына қатысын анықтау барысында негізгі сөзбен тұрақты тіркес мағынасын салыстыра отырып қана анықтауға болады. Профессор Г.Смағұлова фразеологиялық варианттардың сөз табына қатысып саралай келе: «Сөйтіп фразеологизмдерді белгілі бір сөз табына жатқызу мәселесінде біріншіден, компоненттер құрамының беретін мағынасына, екіншіден, морфологиялық табиғатына, үшіншіден синтаксистік қызметіне қарап шартты түрде топтастыруға болады», – дейді [4, 24].

Тіл білімінде тұрақты тіркестерді сөз табына байланысты Ә.Болғанбаев, Ә.Қайдар, Р.Жайсақовалардың жіктеулері белгілі. Ал, Г.Смағұлова сөз табына қатысты фразеологизмдерді жіктеуде олардың стильдік сипаттарын да назардан қалдырмай жоғарыда аталған ғалымдардың жіктеуіне сүйене отырып, алты топқа бөледі: 1) етістік мағыналы фразеологизмдер; 2) есім мағыналы фразеологизмдер; 3) үстеу мағыналы фразеологизмдер; 4) одағай мағыналы фразеологизмдер; 5) әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған фразеологизмдер; 6) сөйлеу дағдысында қолданылатын фразеологизмдер [4, 26].

Көркем проза фразеологизмдерін құрылымдық жағынан саралай келе есім мен етістіктен құралған фразеологизмдердің мол екенін байқауға болады. Мысалы, Бірақ басқа бір киіл-

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

ген тағдыр ноктасынан босану оңай емес екен, Шиамбының шырмауынан шыға алмай, осы төңіректе қалып қойды [3,109].

Тағдыр ноктасы – зат есім + зат есім формасында тұр. Бірінші компоненттегі ілік септігінің қосымшасы жасырын келіп, екінші компонентпен матаса байланысып келген. Өзірейілдің өші бар екен. Құдай сақтамады. Тура келген мылтық оғы тимеген. Көлденең кесел жабысты [3,64].

Көлденең кесел – сын есім + зат есім. Қазақ халқында ауру, науқас сөздерінің орнына жүретін, наным-сенімге байланысты қалыптасқан фразеологизм. Алайда, жергілікті халық өзі түсінбейтін бөтен сөзге тілін сындырып, әуреге түсіп жатсын ба, жаңа мекен-жайға өздерінше «Шәуешек» деп ат қойып алған [3,111]. Тілін сындырып, әуреге түсіп, ат қойып алған – етістікті фразеологизмдер. Тілін сындыру ауыспалы мағынадағы метафоралық тәсілмен жасалған фразеологизм беретін мағынасы – бір нәрсені айтуға дағдылану, тілі келмейтін сөзді айтуға ниеттеу. Ат қойып алу – адамға немесе затқа арнайы ат қою кезінде тілімізде жиі қолданылатын тұрақты тіркес. Осы аталған үш фразеологизм контекст бойында аңғал халықтың енжар мінезін көрсетіп мәтінге экспрессивтілік мағына үстейді. Ұзамай Іленің арғы бетінен ана жұрты жеткен. Түйе тіркеп, құр ат қосақтаған, қаншама қоржын бөктерген, қарулы жиырма жігіт. Таяу төңіректегі елге хабар салып, қазаның артын өткерді, біреулерге көзінше базына айтып, біреулерді сыртынан сөгіп, өздерінің кең пейілін, таза жүрегін танытты, ақыры ашуға мініп жолбарыстың жымына аттанған [3 126]. Хабар салып, қазаның артын өткерді, базына айтып, сыртынан сөгіп, кең пейілін, таза жүрегін танытты, ашуға мініп – етістікті фразеологизмдерінің экспрессивті мағыналары салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты қолданыс тапқан. Сондай-ақ, кең пейілін, таза жүрегін танытты фразеологизмдері кейіпкердің нақтылы қимыл-әрекеттерін көрсетуге бағытталып, контекст ішінде автордың бас кейіпкерге деген көзқарасын білдіріп тұр.

Семантикалық жағынан етістік тобындағы фразеологизмдер әр түрлі болады. Оларды шартты түрде: 1) кейіпкердің психологиялық жай-күйін білдіретін фразеологизмдер, 2) нақтылы іс-әрекеттерді білдіру мақсатында жұмсалатын фразеологизмдер деп бөлуге болады. Кейіпкер психологиясын білдіретін фразеологизмдер: Бұрынғы күні жауған қара нөсердің арты ери жауған жылбысқа қарға айналғанда Бати жаман ырымға жорып, ішін тартып қалған-ды (М.М.) // жаман ырымға жору, ішін тарту фразеологизмдері кейіпкердің ішкі жан дүниесіне байланысты оның психологиялық сезімін беруде қолданылған. Ырымға жору қазақ халқының түсінігінде белгілібір тылсым күштердің әсеріне сенуден туған түсінік. Іш тарту – ішкі сезімдегі толқуды білдіреді.

Кейіпкердің нақтылы қимыл-әрекетін білдіретін фразеологизмдер көркем проза тілінің әсерлілігін күшейтіп, кейіпкердің бейнесін дәл беруде басты рөл атқарады. Мысалы, Бабалықтың сөзі қышыған жеріне дәл тиіп, көкейіне қонып келеді [3,118]. ҚТФС-де Қытығына [қышуына] тиді. Ашуын келтірді, намысына тиді, шабына түртті деген мағынада берілген. Ал, біз алған сөйлемдегі қышыған жеріне дәл тию фразеологиялық тіркесі ашуына, намысына тию мағынасында емес, яғни өзі ойлағандай *көкейіне қонып келеді* деген жағымды мағынада беріледі. Нақтылы қимыл-әрекетті білдіруге бағытталған фразеологизм авторлық қолданыста ерекше мағына үстейді.

Фразеологизмдердің мағыналық және құрылымдық жағынан тұрақтануы сөз тіркесінің немесе сөйлемнің тілдегі көріктеу амалдары: теңеу, метафора, метонимия, гипербола, эффе-мизм және тағы да басқа мағыналық ауысулар арқылы болатыны анықталды. Фразеологиялық мағына жеке сөздердің ерекшеліктері ғана арқылы емес, олардың лексикалық жағынан үйле-сіп, семантикалық өзгеріске түсуі арқылы жасалатынын көрсетеді. Сондай-ақ, фразеологизм-

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

дердің грамматикалық стилистика бойынша да контекст көлемінде әр түрлі грамматикалық амал-тәсілдер арқылы жаңа лексика-грамматикалық мағынаға ауыса алатынын байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Б. Шалабай «Көркем проза тілі» / А., 2015
2. І. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» / А., 2017
3. М. Мағауин «Шығармалары» / А., 2015
4. Г. Смағұлова «Мәтін лингвистикасы» / А., 2002

ӘОК81.42(075.8)

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ТІЛ ФИЛОСОФИЯСЫ

Нысамбаева П., 2 курс, 7М02301 – қазақ филологиясы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Досова А.Т., филология ғылымдарының кандидаты, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті

Шығыстық ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің классикалық ғылымның барлық саласын дерлік қамтитын мұрасы жайлы өзі туған түркі әлемі немесе өмір сүрген ортасы араб елдерінде ғана емес, Батыс пен АҚШ, Канада, сондай-ақ Жапония, Қытай сияқты Қиыр Шығыс елдерінде жүздеген ғылыми-зерттеу еңбектері күні бүгінге дейін жазылып келеді. Бұл ерекшелік осы ойшыл ғалым туындыларының сарқылмас мазмұнын, яғни уақыт өткен сайын арта беретін өміршеңдігін, айқындаса керек. Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің тіл философиясына арналған еңбектеріне талдау жасалған. Ғалымның ғылыми тұжырымдары сараланған.

Отырарлық ғұламаның жалпы және отандық ғылым тарихы үшін зор маңызға ие еңбектерінің бірі – оның филология ғылымы, әдебиет теориясы, одан да нақты айтқанда, поэтикаға қатысты трактаттары. Әл-Фарабидің поэтикалық еңбектері, біріншіден, оның ғылыми мұрасының ажырамас бөлігі саналса, екіншіден, поэзия өнері араб халқының тек әдебиеті ғана емес, мәдениеті, оның бүкіл тарихынан маңызды орын алатын ежелгі шығармашылық. Осы себепті қазіргі заманғы араб зерттеушілері мысырлық ғалымның әдебиеттану саласындағы еңбектерін әлемдік қолжазба, кітапхана қорларынан іздеп тауып, ғылыми айналымға енгізуге көп еңбек сіңірді.

Ұлы грек ғалымы Аристотельдің ізбасары бола тұра, әл-Фараби өз назарын тілдің философиялық жақтарына аудармауы еш мүмкін емес еді. Өйткені бұл мәселелер өте ерте кезден бастап бүкіл антикті толғандырған. Қойылған сұраққа тек қана әл-Фарабидің «Әріптер кітабы» трактатының көмегімен жауап беруге болады. Нақ осы трактатта қызықтыратыны, тілдің философиялық проблематикасы туралы материалды қамтитындығы. Демек, мұны талдау зерттеушілерге әл-Фараби шығармашылығындағы тіл мәселесін толығырақ әрі тереңірек қарастыруға мүмкіндік береді [1].

Ойшыл ғалымның тіл мәселесіндегі көзқарастары көп нәрсе жөнінде Аристотель көзқарастарымен үйлеседі. Бірақ тілді зерттеуді ол поэтика мен риторика шеңберімен шектеген Аристотельден өзгеше, яғни, ол тілді жеке зерттеу объектісі ретінде абсолютті қабылдамай,